



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 33 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2008 ЖЫЛҒЫ 5 Қ А Р А Ш А**

**Халықаралық резервтер, ақша базасы
және ағымдағы жылғы қарашада
ноталар шығарудың кестесі туралы**

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 31 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	21 020,1	21 150,1
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	19 235,4	19 235,4
Алтын	1 784,7	1 914,7
Ақша базасы, млрд. теңге	1 570,2	1 570,2
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 461,8	1 461,8
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	108,4	10,8,4
КЗТ/USD (кезең аяғында)	119,81	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	772,25	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 4,2%-ға (немесе 926,8 млн. долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сату бойынша операциялар, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен ішінара бейтараптандырылды.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (СКВ) 685,4 млн. долл. азайды, әлемдік нарықтардағы бағасының 11,9% төмендеуі нәтижесінде алтындағы активтер 241,4 млн. долл. төмендеді.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 26 326,4 млн. долл.) 47 355,3 млн. долл. дейін 4,4% төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі 2008 жылғы қазанда ақша базасының 10,5%-ға (немесе 184,7 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.

2. Ұлттық Банк ноталарының 2008 жылғы қарашада шығарылу кестесі.

2008 жылғы қарашада Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 4 аукционын өткізеді.

Күні	Айналыс мерзімі, күн	Шығарылымның жарияланған көлемі, млрд. теңге
07.11.2008	28	50
14.11.2008	28	50
21.11.2008	182	50
28.11.2008	28	50